

Компьютер. Акапарат. Сауықтыру.

«Талпыныс» 2004 жылдын караша айында кұрылды. Ен алдымен Virgo үндендірілген программасымен жабдыкталган үш компьютер гана болды. Оқырмандардын кажеттіліктеріне және біздің арнайы кітапхананын мүмкіндіктеріне байланысты тифлотехникалар, жиназдар жанаруда. Осы жылы біз компьютер класын интернет жүйесіне косуга кол жеткіздік. Біздің оқырмандарымыз интернетке еркін кол жеткізе алатын болды.

Біздің оқырмандарымыз, ен алдымен, Брайль жүйесі бойынша оку мен жазуды үйренеді. Оқып үйрену үшін 1-2 ай уакыт кетеді. Сонан сон біз жеке компьютерді пайдалану негіздерін үйренуге кошеміз. Ары карай интернетті пайдалану үйретіледі.

Біздің клубымыздын іс-әрекеті сауықтыру орталыгына дейін таратылды. Сауықтыру курсына келген азаматтар Брайль жүйесін және компьютер сауаттылыгын сауықтыру орталыгында үйрене алады.

Біздің клубымызда үйренушілер санынын жас ерекшеліктеріне шек койылмайды. Бізге казіргі замангы тифлотехниканы үйренуге ыкыласты картан оқырмандар да келеді. Жас оқырмандар Брайль жүйесі бойынша жазу және оку негіздерін үйренеді. Сонымен катар біз оку, сондай-ак каникул кездерінде мектеп жасындагы оқырмандарга да түрлі кызметтерді корсетеміз.

Компьютерлік сауаттылык пен Брайль жүйесін үйренудің негізгі сабактарынан болек түрлі әнгімелер, пікірталастар откізіледі. Оқырмандар арасындагы шашкіден жаттықтырулар, турнирлер сиякты спорттык іс-шаралар ұйымдастырылады.

Біздің класымыз қандай құралдармен

жабдыкталған

Бізде Брайль жүйесі бойынша жазу машинкасы бар. Бұл загіптар үшін мәтіндерді теруді жеңілдетеді.

Компьютерге жалғанған электронды лупа әлсіз көретін оқырмандардың мәтінді немесе суреттерді үлкейтіп және ол үшін ыңғайлы түсте көруіне көмектеседі.

Компьютерлер дыбысты программалармен жабдыкталған.

Көзі көрмейтін азамат Jaws for Windows және Virgo программаларын пайдаланып дисплейдегі мәтінді ақпараттарды дыбысты түрде сондай-ақ олардың командаларымен ендірілген және клавиштерге басылған дыбысты хабарламаларды қабылдай алады. Яғни, көзі көретіндердің компьютер мониторында көргенін, көзі көрмейтіндер естиді.

Сондай-ақ, әлсіз көретіндер сияқты көзі көрмейтіндер де бір үлгідегі кітаптарды, журналдарды пайдалана алады. Ол үшін тексті компьютерге түсіретін сканер пайдаланылады. Ары қарай дыбысты программалардың көмегімен оқуға, түзетуге және басып шығаруға болады.

Копшілікке «книголюб» кітап оқитын машинасы танымал. Онда:

1. Жазық баспалы басылымдарды тыңдауға көмектесетін сканер;

2. МП-3 және dasy форматындағы компакт-дискіде сақталатын әдебиеттерді дыбыстандыратын дисковод;

3. Флешканы қосатын және дыбыстандырылған нұсқаны сақтайтын, сосын кез-келген басқа компьютерде тындауға болатын USB – порттар бар.

Кору қабілеттерінде кемістіктері бар адамдар үшін интернет баға жетпес құрал, барлық адамдармен тең дәрежеде өздігінен білім алуға, өздігінен сауығуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта оқырман Virgo программасымен, Брайль жазуларымен жабдықталған компьютерді пайдаланып интернетке, электронды кітапханаға қол жеткізіп, қажетті оқулықтарды таба алады. Интернет арқылы олар бір-бірімен түрлі қалаларда, елдерде болса қарым-қатынас жасай алады, түрлі ойындар ойнайды. Интернетте мүгедектердің түрлі проблемаларына, өмірлеріне арналған көптеген сайттар бар. Олардың ішінде мүгедектер құқықтары бойынша көптеген пайдалы кеңестер бар. Қазақстан мүгедектеріне арналған сайтты, сондай-ақ түрлі тақырыптар бойынша рефераттар, пайдалы сілтемелер, ғылыми және сын материалдарын табуға болатын білім саласындағы сайттарды атап өтуге болады.

Брайль жүйесін меңгерген загіптар үшін бізде Брайль дисплейі бар. Бұл, ең алдымен, текстерді бедерлі-нүктелі Брайль жүйесі белгілерімен қабылдауға көмектесетін Брайль дисплейі (Суперварио). Яғни, бұл дисплейде Брайль жүйесін меңгерген загіптың сезіну арқылы оқып білуіне болатын барлық мәліметтерді бедерлі-нүктелі жазулар түрінде болады.